



ЭКОНОМИКАҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

2017 ҚАРАША

Өткен айлардағы негізгі үрдістер, (ж/ж):

- Барлық базалық салаларда өсу қарқыны біршама баяулады (5,1%)
- Жылдық инфляция нысаналы дәліз шегінде қалыптасты (7,3%)
- Өңделмеген мұнайды өндірудің қарқыны мұнайдың бағасы өсуіне қарамастан баяулады
- 2017 жылдың қаңтар-қарашасында экспорт 32,5%-ға, ал импорт 15,8%-ға өсті
- Орташа айлық номиналдық жалақысы өсті

I. ИНФЛЯЦИЯ

2017 жылғы қарашасында айлық инфляция 0,9% деңгейінде қалыптасты.

2017 жылғы қарашасында **азық-түлік тауарларының** бағасы 0,8%-ға қымбаттады. Әсіресе көкөніс, жұмыртқа және сүт өнімдеріне бағалар қымбаттады. Қант пен жарма бағасы арзандағаны атап өтілді, бұған әлем нарықтарында қантқа деген ұсыныстың тым артық болуы және Қазақстанда жарма өнімінің көп болуы себеп болды.


2017 жылғы қарашасында **азық-түлікке жатпайтын тауарлардың** бағасы 0,8%-ға өсті. Бағаның ең жоғарғы өсуі жағар-жанармай материалдарға (бензин, дизельді отын) сақталуда. ЖЖМ қымбаттауына ішкі өндіріс қысқаруы және егінді жинау мерзімінен себеп болды.

Ақылы қызметтер 1,0%-ға қымбаттады, оның құрамында анағұрлым жоғары өсім тұрғын үй-коммуналдық қызметінде, оның ішінде электр энергиясында тіркелді.

2017 жылғы қарашасында жылдық инфляция 7,3%-ды құрады. 2017 жылы ақылы қызметке бағаның өсуі жылдық инфляцияны қалыптастыруға негізгі үлес қосты. Азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағалары өткен аймен салыстырғанда баяулады.

Халықтың инфляциялық күтулері Ұлттық Банктің нысаналы дәліздің жоғары шегіне жақын (2017 жылғы қарашасында 7,7%) қалыптасады. Кәсіпорынның көпшілігі (68,4%) тұтынушылық тауарлардың бағасы 2017 жылғы қазан-желтоқсанда ағымдағы қарқынмен өсетін болады деп күтеді, 10,5% респондент баға қазіргіге қарағанда ақырын өседі деп күтеді.


Жалпы алғанда 2017 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банк жылдық инфляция 6-8% нысаналы дәліз ішінде қалыптасады және жаңа 5-7% бағдар шеңберінде 2018 жылы ақырын бәсеңдеуді жалғастырады деп күтеді.



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша



3-график. ҚР экономикасының нақты секторы кәсіпорындарының инфляциялық күтулері, %



ҚР ҰБ деректері бойынша



II. ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМ

(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

ҚР ҰЭМ СК есеп деректері бойынша туынды ІЖӨ көлемі 2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте нақты көрсеткіште 4,3%-ға ұлғайып 34,1 трлн. теңгені құрады.


ІЖӨ өсуіне негізгі үлесті тау-кен өнеркәсіп көлемінің (11,3%-ға), өңдеуші өнеркәсіп (5,7%-ға), көлік және қоймаға жинау (4,7%-ға), көтерме және бөлшек сауда (3,0%-ға), жылжымайтын мүлікпен операциялар (2,1%-ға) көлемінің ұлғаюы.

ІЖӨ 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында түпкілікті пайдалану әдісі 4,2%-ға өсті.

Көрсеткіштің ұлғаюы таза экспорттың айтарлықтай салымы аясында болды. Тұтынушылық және инвестициялық сұраныс, бұрынғысынша, ІЖӨ өсуіне оң ықпал етеді. Үй шаруашылығындағы шығыстардың өсуі соңғы тұтытуда біраз бәсеңдеді.


Ұлттық Банктің болжамды деректері бойынша 2017 жылы экономикалық өсу 3,5%-ды құрайды, 2018 жылы 2,8%-ға дейін бәсеңдеді.

3-график. Өндіріс әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша

4-график. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС, ҚР ҰБ деректері бойынша

III. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

Қысқа мерзімді экономикалық индикатор* 2016 жылдың ұсас кезеңімен салыстырғанда 2017 жылғы қаңтар-қарашасында аздап баяулап, 105,1%-і құрды.

Экономикалық белсенділіктің бәсеңдетілуі барлық базалық салаларда байқалды, ауыл шаруашылықты қоспағанда. Сумен жабдықтау индикатор серпініне бұрынғысынша теріс үлес қосты.

Қалпына келтіріліп жатқан сыртқы сұраныс, негізгі капиталға инвестициялардың тұрақты өсуі және де үй шаруашылықтарының шығыстарын ұлғайту, кредиттеу қарқындарының оң үрдісі индикатордың өсу көздеріне айналды.

5-график. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор




жылдың басынан бастап тиісті кезеңге дейінгі, %-пен

* - экономиканы дамыту үрдістерін сипаттайды және базалық салалар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс бойынша шығару индекстерінің өзгеруіне негізделеді. ІЖӨ көлеміндегі осы салалардың үлесі 63-64%-ды құрайды.



6-график. ҚР өңірлері бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор, ж/ж %-бен



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

Өңірлік бөлікте индикатордың ең үлкен мәні **Атырау облысында** (18,2%) тіркелді. Көрсеткіштің артуы шикі мұнай мен табиғи газды өндірудің және сатудың өсуі нәтижесінде ұлғайды. Атырау мұнай-химия зауытындағы жөндеу жұмыстарының аяқталу салдарынан құрылыс жұмыстары көлемі төмендеп, көрсеткіштердің өсуіне теріс үлес қосты.

Көрсеткіштің ең аз мәні **Қызылорда облысында** (99,3%) байқалды. Мұнай қордың таусылуы нәтижесінде мұнайды өңдеудің және сатылудың төмен қарқынына, сондай-ақ көрсеткіштің теріс мәніне әкеп соқты. Көрсеткіштің өсіміне құрылыс пен көлік оң үлес қосты.

Сонымен қатар көрсеткіштің төмендеуі құрылыс жұмыстарының қатты қысқаруынан Шығыс облысында және шикі мұнайды өңдеудің қысқаруынан Манғыстау облысында байқалды.

IV. ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ШОЛУ

Өнеркәсіп саласы 2017 жылғы қаңтар-қараша қорытындысы бойынша баяулауды жалғастырды, жыл басынан бастап өсім 7,3%-ды (2017 жылғы қаңтар-қазанда 8,3%-ды) құрады.

Темір кендерін, металл кендерін және түрлі-түсті металл кендерін өндіру көлемдерінің қысқаруы салдарынан **тау-кен өнеркәсібі** 2017 жылдың тамыз айынан алғаш рет баяулап, 9,6%-ы көрсетті (2017 жылғы қаңтар-қазанда 10,2%).

Өңдеуші өнеркәсіптегі өндірісі 5,2%-ға өсті (2017 жылғы қаңтар-қазанда 5,2%). Металлургия өнеркәсібі, тамақ өнімдерін өндіру, кокс пен мұнай өңдеу өнімдерінің өндірісі, сондай-ақ машина жасау саланың негізгі драйверлері болды. Химиялық және фармацевтикалық өнеркәсіптегі өндірудің үдеуі байқалуда.

Жылдың басынан құрылыс жұмыстардың көлемі қатты ұлғайды. 2017 жылдың қаңтар айында ЭКСПО-2017 шеңберінде құрылыс саласы 7,1%-ға өсуді көрсетті, ал 2017 жылдың қаңтар-қарашасында сала тек 0,3%-ға өсті. Құрылыстың елеулі қысқаруы Шығыс Қазақстанда, Атырау облысында және Астана қаласында белгіленді. Құрылыстың өсу қарқыны тұрғын үй салудың, автожол және кірме жолдарды қайта құрудың есебінен Қостанай облалысында байқалуда.


Жылдық көрсетуде **ауыл шаруашылығы** саласы 2,3%-ға өсті. Дәнді дақылдардың жоғары өнімі аясындағы өсімдік және мал шаруашылығында оң серпіні байқалуда.

Сауда саласы да 2017 жылдың қаңтар-қарашасында біраз бәсеңдетіп, 2,8%-ға өсуді көрсетті (қаңтар-қазанда 3,2%-ға өсті). Көтерме сауда кейінге қалдырылған тұтынушылық сұраныстың әсерінен 6,1%-ға ұлғайды, ал бөлшек сауда шикі мұнай өндірудің және сатудың көлемдері қысқару нәтижесінде баяулады.

2017 жылдың 11 айдың аралығында барлық көлік түрлерінің жүк айналымы оң серпінмен сипатталады. Теміржол қызметкерлердің және шикі тауарларды тасымалдаудың көлемдері ұлғаюы аясында көлік саласы өсуді көрсетті.

Байланыс қызметтерлердің өсімі екінші ай қатар 3,2%-да сақталуда. Өткен жылдың тиісті кезеңінде байланыс саласы тоқырап тұрды (97,7%). Интернет-қызметтер басқа байланыс қызметтердің арасында көшбасшы болып қалуда, жылдың басынан қызмет 12,3%-ға өсті. Екінші орында мобильді байланыс тұр, ол қаңтар-қараша бойынша 0,1%-ға өсуді көрсетті. Интернет қызметтер Алматы мен Астана қалаларында, сондай-ақ мобильді байланыс белгіленген қалаларында және Атырау облысында жиі пайдалатынын атап өткен жөн.

1-сурет. ҚР өңірлері бөлігіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша



V. НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Инфляциялық тұрақтануы нәтижесінде және барлық базалық салалардың оң үрдісіне орай инвестициялық белсенділік жылдың басынан тек оң серпінділікпен сипатталды. Бірақ 2017 жылдың қаңтар-қарашасында негізгі капиталға инвестициялар біртіндеп баяулауды бастады, өсім 5,7%-і құрады (қаңтар-қазаныңда 6,5% болды).

Инвестициялардың жалпы көлемінде салыстырмалы үлес өнеркәсіп (54%-дан астам) саласына және көлікке (14%) тиесілі, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 3,9%-ға және 1,1%-ға өсті.

Өнеркәсіп саласындағы инвестициялардың құрылымында салыстырмалы үлес шикі мұнай мен табиғи газды өндіруге тиесілі, ал өңдеу өнеркәсібінде - кокс пен мұнай өнімдерін өндіруге. Металлургия өнеркәсібіне инвестициялардың көлемі 2016 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда екі есе азайып, инвестициялар өңдеу өнеркәсібіне ұлғаюының тежеуіш факторы болды. Инвестициялардың жалпы көлеміне оң үлесті ауыл шаруашылығы, сауда, құрылыс және байланыс салалары да қосты.

Инвестициялардың жалпы көлемінде ішкі инвестициялардың үлесі 73,8%, ал сыртқы инвестициялардікі 26,2% болды.

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты қаражатты қаржыландырудың негізгі көзі болып қалуда.


Іске асырылатын индустриялық-инновациялық және құрылымды дамытуға арналған басқа мемлекеттік бағдарламалар («Нұрлы жол», «Нұрлы жер», индустрияландыру, АӨК және кәсіпкерлікті жетілдіру бағдарламалары) инвестициялық белсенділіктің бұдан әрі өсуіне оң әсерін тигізуде.

Мәлімет үшін:

Ұлттық Банк нақты сектор кәсіпорындарына жүргізген пікіртерімдердің шегінде респонденттер айналым және/немесе негізгі құралдарды қаржыландыруды шектейтін негізгі факторлардың ішінде өнімге сұраныстың жеткіліксіз деңгейін, кірістің жеткіліксіздігін, басқа кәсіпорындар жағынан нарықтық бәсекелестікті, қаржылай қаражаттың жеткіліксіздігін және Қазақстан экономикасының жай-күйін атап өтті.


жауаптар %-бен

9-график. Кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлар




ҚР ҰБ деректері бойынша

7-график. Салалар тұрғысынан негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж



ҰЭМ СК деректері бойынша

8-график. Негізгі капиталға қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар



ҰЭМ СК деректері бойынша




VI. Сыртқы сауда айналымы

2017 жылғы қаңтар-қыркүйекте сыртқы сауда айналымы 25,7%-ға (экспорт 31,4%-ға, импорт 17,2%-ға өсті) ұлғайды. Экспорттың құрылымында бұрынғыдай барынша көп үлес минералды өнімдерге тиесілі, олардың экспорты 2016 жылғы қаңтар-қыркүйекпен салыстырғанда 38,5%-ға өсті. Металдар мен олардан жасалған өнімдер экспорты да 41,0%-ға ұлғайды. Бұл әлемдік шикізат нарықтарында баға конъюнктурасы жақсарғанына негізделді.

ЕО елдері (үлесі 52,0%), Қытай (үлесі 11,5%), ТМД елдері (үлесі 16,8%) экспорттың негізгі бағыты болып табылады, олардың ішінде кеден одағы елдерінің үлесі 10,8%.


2017 жылғы қаңтар-сәуірде импорт бойынша өсім барлық тауар топтары бойынша байқалды. Импортта елеулі үлес химия өнеркәсібінің өнімі (өсу 21,7%), машина, жабдық, құралдар мен құрылғылар (өсу 17,0%), сондай-ақ металдар және олардан жасалған бұйымдар (өсім 6,0%) құрайды.

Тауарлардың негізгі импорты кеден одағының елдеріне (өсу 1,3%), ЕО елдеріне (өсу 19,4%) және Қытайға (өсу 16,3%) тиесілі.



ҰЭМ СК деректері бойынша

VII. ТМД елдеріндегі ІЖӨ



2017 жылғы 3-тоқсанның қорытындылары бойынша елеулі экономикалық өсім Тәжікстанда және Өзбекстанда болды.

ТМД-ның кейбір елдерінде 2017 жылғы 3-тоқсанда 2017 жылғы 2-тоқсанмен салыстырғанда ІЖӨ-нің өсімі аздап баяулады (Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан және Украина). Экономикалық өсімнің қарқыны үдегені Әзірбайжан мен Тәжікстанда тіркелді. Әзірбайжанның ІЖӨ-сі 2-тоқсанда теріс аймақта болды.




VIII. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық
(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2017 жылғы үшінші тоқсанда жұмыспен қамтылған халық 0,2%-ға азайды (2017 жылғы екінші тоқсанда өсім 0,7% болды).


Экономика салалары бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың өсімі саудада (3,1%-ға өсті) және білім беруде (5,5%-ға) болды. Төмендеуі құрылыста (7,3%-ға), ауыл шаруашылығында (4,0%-ға) және тау-кен өндіру өнеркәсібінде (1,2%-ға) байқалды.

Өңірлер бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың негізгі ұлғаюы Алматы (3,3%-ға өсті), Қызылорда облыстарында (1,7%-ға) және Алматы (2,5%-ға), Астана (4,5%-ға) қалаларында байқалды.


2017 жылғы қазанда жұмыссыздық деңгейі 4,9% болды (2014-2017 жылдар аралығында жұмыссыздық деңгейі орташа алғанда 5% болды). Жұмыспен қамту органдарында 134,6 мың адам жұмыссыздар қатарында ресми тіркелген.



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

Бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны 35 сағат және одан аз болатын жұмыспен қамтылған халықтың үлесі төмендеуде. 2017 жылғы үшінші тоқсанда аталған қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 6,9%-ын құрады.

Сонымен қатар, бір аптада 40 сағаттан астам жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі 2015 жылғы бірінші тоқсандағы аздаған өсуден кейін, салыстырмалы түрде тұрақты деңгейде – 22,6%-бен сақталуда.

Бір аптада 35 сағаттан бастап 40 сағатқа дейін нақты жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі басым болып қалуда. 2017 жылғы үшінші тоқсанда үлесі 68,7% болды.



IX. Жалақы және еңбек өнімділігі

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2017 жылғы қаңтар-қазандағы бір қызметкердің орташа айлық номиналдық жалақысы 2,1%-ға ұлғайып, 149,9 мың теңгені құрады.

Салалар бөлігінде 2017 жылғы 3-тоқсанда өсім әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласында (24,7%-ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (16,1%-ға), ауылшаруашылығында (9,1%-ға), ақпарат және байланыста (2,7%-ға) тіркелді.

2017 жылғы 3-тоқсанда өңірлер бөлігінде номиналдық жалақының ең жоғарғы мәні Атырау облысында (275,8 мың теңге), ең төменгі мәні – Жамбыл облысында (98,1 мың теңге) тіркелді.


2017 жылғы 3-тоқсанда нақты жалақы 2,0%-ға азайды.

2017 жылғы 2-тоқсанда экономикадағы еңбек өнімділігі 3,6%-ға өсті. Салалар бөлігінде ең көп өсім өнеркәсіпте (12,3%-ға өсті), құрылыста (9,7%-ға), ауылшаруашылығында (7,8%-ға) және байланыс саласында (3,7%-ға) байқалды.


Экономиканың барлық негізгі салаларында еңбек өнімділігінің өсімі нақты жалақының өсу қарқынынан өсіп кеткенін атап өткен жөн.



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша